

**Мемлекеттік және жалпы сыртқы борышты басқару жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 351 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 сәуірдегі № 370 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.05 № 370 Қаулысымен.**

"Мемлекеттік және жалпы сыртқы борышты басқару жөніндегі тұжырымдама туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 234 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік және жалпы сыртқы борышты басқару жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - **Ж о с п а р**) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдар:

1) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз е т с і н ;

2) 2007 жылғы 1 шілдеге және 1 қазанға Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Жоспардың орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі 2007 жылғы 10 шілдеге және 10 қазанға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 30 сәуірдегі  
N 351 қаулысымен

Бекітілген

**Мемлекеттік және жалпы сыртқы борышты басқару жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

**Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.30 № 1482 Қаулысымен.**

--	--	--	--	--

Р / с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауапты	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
<b>1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін әзірлеу</b>				
1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлерінің арасындағы өкілеттіктердің ара-жігін ажырату және бюджет процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині, ҰБ	2007 жылғы III тоқсан
<b>2. Елдің борышын басқарудың бірыңғай және тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру үшін қажетті заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу</b>				
2	"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде сыртқы қарыздар, есептер және өзге де келісімдер туралы кесімдерді дайындау және қызмет көрсету ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің 2002 жылғы 16 мамырдағы N 204 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі қаулысының жобасы	ҰБ (жинақтау), Қаржымині, ЭБЖМ	2007 жылғы III тоқсан
3	"Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесіне"	Қазақстан Республикасының Үкіметі		

	өзгерістер мен толықтырулар енгізу	қаулысының жобасы	Қаржымині (жинақтау), ЭБЖМ	2008 жылғы I тоқсан
4	Корпоративтік және қаржылық секторлар борышының индикаторлары бойынша статистикалық есептіліктің нысанын жетілдіру	СА - ның бұйрығы	СА (жинақтау), ҰБ, Қаржымині, өзге де мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына" АҚ, "Самұрық" АҚ	2007 жылғы II тоқсан
5	"Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1116 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ЭБЖМ	2008 жылғы I тоқсан
6	"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1119 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	Қаржымині	2008 жылғы I тоқсан
<b>3. Елдің борышын басқарудың бірыңғай және тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру үшін қажетті ұйымдастыру іс-шараларын өткізу</b>				
7	Үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борыштың тәуекелдерін бағалау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині (жинақтау), ЭДСМ, ҰБ	Жыл сайын, 1 ақпанға дейін

8	Еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылайтын ұйымдардың тізбесін, олардың сыртқы борышының мониторингін жүзеге асыру мақсатында мемлекетті қатыстыра отырып қалыптастыру	ҰБ-не, СА-ға ақпарат	Қаржымині (жинақтау), өзге де мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" АҚ	Тоқсан сайын
8-1	Ұлттық компаниялардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы статистикалық ақпаратты қалыптастыру	статистикалық бюллетень	СА	тоқсан сайын, жылдық
9	Мемлекеттік сектордың сыртқы борышының, оның ішінде мемлекетті қатыстыра отырып ұйымдардың, сондай-ақ олардың еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылайтын ұйымдары бойынша борышының және жеке қаржылық әрі корпоративтік секторлардың сыртқы борышының мониторингі	Мәліметтер жинау, мүдделі мемлекеттік органдарға ұсыну	ҰБ, Қаржымині	Тоқсан сайын
9-1	Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және олардың еншілес ұйымдарының, сондай-ақ жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұлттық компаниялар борыштарының жай-күйі туралы ақпарат	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша), ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер мен жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұлттық компаниялар	тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30-күні
10	Қайта қаржыландыру тәуекелдерінің, өтімділік, валюталық және пайыздық тәуекелдердің мониторингі	Қаржы тұрақтылығы туралы есеп	ҰБ, Қаржымині, ҚҚА	Жыл сайын, желтоқсан
11	Жеке сектордың мемлекеттік борышы мен сыртқы борышы бойынша кіріктірілген ақпараттық дерек	Қазақстан Республикасының	ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині,	

	қорын тоқсан сайын жаңарта отырып құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Үкіметіне ақпарат	ҰБ, ҚҚА, СА, АБА, ЭМРМ	2007 жылғы III тоқсан
12	Левереджді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, оның ішінде қаржылық және қаржылық емес ұйымдарға арналған қарыз алушы левередждің шекті коэффициенттерін төмендету мүмкіндігін зерделеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ЭБЖМ (жинақтау), ҰБ, Қаржымині	2007 жылғы IV тоқсан
13	Жекелеген бағыттар (секторлар) бойынша сыртқы борыштың ЖІӨ-ге қатысты шекті мәндерін белгілеу мүмкіндігін зерделеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ЭБЖМ (жинақтау), ҰБ, Қаржымині	2007 жылғы III тоқсан
14	Келісім-шарттарда экономикалық және қаржылық дағдарыстар кезеңінде шетелдік инвесторлардың қазақстандық ұйымдардың өнімдерін және өзге де ішкі активтерін (екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерді) алып қоюына тыйым салатын (немесе азайтатын) шарттарды көрсету мүмкіндігін зерделеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині, ҰБ, ЭМРМ	2007 жылғы III тоқсан
15	Қажетті қаржы ресурстарын тарту үшін несие капиталының ішкі нарығында балама көздерді дамыту үшін жағдай жасау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ҚҚА (жинақтау), ҰБ, ЭБЖМ, Қаржымині	2007 жылғы III тоқсан
16	Кірістілік ауытқымасын құру үшін қор нарығында тиісті бағдар белгілеу үшін қажетті Қазақстан Республикасы Қаржымині шығаратын МБҚ-нің жеткілікті көлемін ұстап тұру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині	Жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін

17	Мемлекеттік сектордың, борыштық міндеттемелері неғұрлым елеулі болып табылатын қаржылық және корпоративтік секторлары ұйымдарының сыртқы борышының жай-күйіне жүйелі мониторинг пен оны бағалау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Ұ Б (жинақтау), ҚҚА	Тоқсан сайын
18	Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу және борышты басқару рәсімдерін жетілдіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Қаржымині (жинақтау), ЭБЖМ	2007 жылғы III тоқсан
19	Пайдалы қазбаларды барлауға және өндіруге лицензиясы және келісім-шарты бар шетелдің қатысуымен компаниялар тізбесін жасау	Ақпарат жинау	ЭМРМ	Тоқсан сайын
20	Елдің резидент компанияларына арналған несие капиталының нарығында хеджирлеу құралдарын дамыту үшін жағдай жасау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚҚА	2007 жылғы III тоқсан
21	Бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалау, инвесторлардың құқықтарын қорғау деңгейін Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының стандарттарына және Еуропалық одақ директиваларының ережелеріне жақындату	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚҚА	2007 жылғы III тоқсан
22	Халықаралық әдіснаманы ескере отырып және басқа елдермен салыстыруда Қазақстан Республикасы сыртқы борышының салыстырмалы көрсеткіштерінің жай-күйін бағалау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Үкіметіне талдау жазба	ҰБ	Жыл сайын, II тоқсан

23	Мемлекет қатысатын активтерін қиялау етілген дарының белгілейтін нормативтік актілерді келтіру	басым ұйымдардың инвестициялау үшін рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін нормативтік құқықтық сәйкес	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині (жинақтау), ҰБ, "Қазына" АҚ, "Самұрық" АҚ	2007 жылғы IV тоқсан
----	--	--	---	---	----------------------

Е с к е р т п е :

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
"Самұрық-Қазына" АҚ - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ

СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі  
"Самұрық" АҚ - "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" АҚ

"Қазына" АҚ - "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ

МҚБ - Мемлекеттік бағалы қағаздар

ЖІӨ - Жалпы ішкі өнім